№ 5242-26-00-2м/53173

ҰЙҒАРЫМ

2026 жылғы 14 қыркүйек Шымкент қаласы

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты құрамында төрағалық етуші судья С.А. Нурбекова, сот отырысының хатшысы М. Зиябекованың хатшылығымен, жеке сот орындаушысы Ахметова Мария Оразалыевнаның, өндіріп алушы өкілі Мирвалиев Ф.Ш.-ның қатысуымен, жеке сот орындаушысының борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичке тиесілі жылжымайтын мүліктегі үлестен өндіріп алуды жүзеге асыру туралы өтінішін ашық сот отырысында қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Жеке сот орындаушысы Ахметова Мария Оразалыевна сотқа борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичке тиесілі жылжымайтын мүліктегі үлестен өндіріп алуды жүзеге асыру туралы өтінішпен жүгінген.

Өтініште Алматы қаласы Әуезов аудандық №2 сотының сот актісі негізінде берілген №7540-20-00-2/914 атқару парағы бойынша борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтен өндіріп алушының пайдасына 18 558 450 теңге өндірілуге жататыны көрсетілген.

Аталған атқарушылық құжат бойынша 2025 жылғы 10 сәуірде №377/25-79-5216 атқарушылық іс жүргізу қозғалған.

Өндіріп алушы Бакиров Байтанатар Шәкенұлының 2025 жылғы 21 қарашада қайтыс болуына байланысты Алматы қаласы Әуезов аудандық сотының 2026 жылғы 31 наурыздағы №7540-26-00-2м/2866 ұйғарымы негізінде 2026 жылғы 13 шілдеде атқарушылық іс жүргізуде өндіріп алушы ретінде оның құқық мирасқоры Бакирова Шолпан Арысбаевна ауыстырылған.

Атқарушылық іс жүргізу барысында борышкерге атқарушылық құжатты орындау қажеттігі туралы тиісті хабарламалар жолданған.

АІЖО ААЖ мәліметтері бойынша борышкердің міндетті зейнетақы жарналары аударылмайтыны және оның ресми түрде жұмыс істемейтіні анықталған.

Атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жеке сот орындаушысымен борышкердің жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне, банктік шоттарына тыйым салу, белгілі бір әрекеттер жасауына тыйым салу, Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу жөніндегі мәжбүрлеп орындату шаралары қабылданған.

Сонымен қатар, уәкілетті органдардан алынған мәліметтер бойынша борышкердің атына ауыл шаруашылығы және арнайы техника тіркелмеген.

2025 жылғы 23 қазанда борышкердің көлік құралын ұстау және арнайы тұраққа қою туралы қаулы шығарылған.

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 2025 жылғы 13 қарашадағы №5242-25-00-2м/56328 ұйғарымымен

Құжатқа қол қойылған: Нурбекова С. А., 14.09.2026

борышкердің арнайы құқықтарының қолданылуын уақытша тоқтата тұру туралы жеке сот орындаушысының қаулысы санкцияланған.

Соған қарамастан, борышкер осы уақытқа дейін атқарушылық құжат бойынша берешекті өтемеген, жеке сот орындаушысының кеңсесіне келмеген және сот актісін орындауға бағытталған нақты шаралар қабылдамаған.

Атқарушылық іс жүргізу барысында борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтің Сейтанова Асия Сарабаевнамен 2004 жылғы 6 сәуірден бастап заңды некеде тұрғаны анықталған.

Сондай-ақ, олардың ортақ үлестік меншік құқығында Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданында сауда үйінің құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі 19-309-001-329 жер учаскесі тіркелген. «Центр Профессиональной Оценки» ЖШС-нің 2026 жылғы 10 шілдедегі №26-0373/1 жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есебіне сәйкес аталған жер учаскесінің жалпы нарықтық құны 43 611 000 теңгені құрайды.

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 2026 жылғы 10 тамыздағы №5242-26-00-2м/44569 ұйғарымымен аталған жер учаскесіндегі борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтің үлесі ½ мөлшерінде белгіленген.

Осыған байланысты борышкерге тиесілі ½ үлестің бағалау құны 21 805 500 теңгені құрайды.

2026 жылғы 27 тамызда борышкерге жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есепке сәйкес өзіне тиесілі ½ үлесті заңда көзделген тәртіппен дербес өткізу құқығы берілген. 25 пайыздық төмендетуді ескере отырып, үлесті сатып алу құны 16 354 125 теңге болып белгіленген.

Алайда, борышкер тарапынан берешекті өтеу не өзіне тиесілі мүлікті дербес өткізу арқылы атқарушылық құжатты орындауға бағытталған нәтиже беретін әрекеттер жасалмаған.

Сот отырысында ЖСО М.О.Ахметова өтінішті қолдап, ондағы көрсетілген уәждерге сілтеме жасап, өтінішті қанағаттандыруды сұрады.

Өндіріп алушы Ш.А.Бакированың өкілі Ф.Ш.Мирвалиев – ЖСО ұсынымын қолдайтынын, борышкербірнеше жылдан бері сот актісн орындамай жүргенін негізге алып, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

2026 жылғы 11 қыркүйекте өткен сот отырысында борышкердің өкілі Мейирбеков Азамат Алибекович ЖСО ұсынымымен келіспейтінін, борышкердің бұл жерден басқа жылжымайтын мүліктері барын ескертіп, келешекте өндіріп алушымен бітімгершілікке келу ойлары барын, сондықтан ұсынымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот өтініштің уәждерін, оған қоса берілген материалдарды зерттеп, атқарушылық іс жүргізудің мән-жайларын бағалай келе, төмендегідей қорытындыға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 246-бабының 1-бөлігіне сәйкес, іс бойынша шешім немесе сот бұйрығын шығарған сот, сондай-ақ шешім орындалатын жердегі сот, егер атқарушылық әрекеттер

Құжатқа қол қойылған: Нурбекова С. А., 14.09.2026

жасауды қиындататын немесе мүмкін емес ететін мән-жайлар туындаса, сот орындаушысының өтінішхаты бойынша және (немесе) тараптардың арызы бойынша атқарушылық іс жүргізуде шешімді орындау тәсілін немесе тәртібін өзгертуге құқылы.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың нақты әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге және заңда көзделген мәжбүрлеп орындату шараларын қабылдауға міндетті.

Аталған Заңның 55-бабының 1-тармағына сәйкес борышкердің мүлкінен өндіріп алу мүлікті алып қоюды және (немесе) оны мәжбүрлеп сатуды не өндіріп алушыға беруді қамтиды.

Іс материалдарынан борышкердің сот актісімен белгіленген берешекті ерікті түрде өтемегені, ресми табысының анықталмағаны, қолданылған өзге де мәжбүрлеп орындату шараларының сот актісінің нақты орындалуына әкелмегені көрінеді.

Сонымен қатар, борышкерге тиесілі және заңда белгіленген тәртіппен өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлік – Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданында орналасқан, сауда үйінің құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі 19-309-001-329 жер учаскесіндегі ½ үлесі анықталған.

Аталған үлестің борышкерге тиесілігі және оның нақты мөлшері заңды күшіне енген сот актісімен белгіленген.

Осыған байланысты борышкердің өзге тұлғамен ортақ меншік құқығында тұрған жылжымайтын мүлігінің толығынан емес, тек сот актісімен борышкерге тиесілі деп анықталған ½ үлесінен өндіріп алу мәселесі қаралып отыр.

Мұндай жағдайда ортақ мүліктің екінші меншік иесінің үлесіне өндіріп алу қолданылмайды.

Сот сонымен қатар атқарушылық іс жүргізудің ұзақ уақыт бойы орындалмай келе жатқанын, борышкердің берешекті өтеу жөнінде жеткілікті әрекеттер жасамағанын, оның ресми табысы мен берешекті өтеуге жеткілікті өзге мүлкінің анықталмағанын назарға алады.

Заңды күшіне енген сот актілерінің міндеттілігі оларды тек формальды түрде қабылдауды ғана емес, іс жүзінде және толық орындауды да көздейді.

Атқарушылық құжаттың орындалмауы өндіріп алушының сот актісімен танылған мүліктік құқығының іске асырылмауына әкеп соғады.

Бұл жағдайда борышкерге тиесілі жылжымайтын мүліктегі үлестен өндіріп алу атқарушылық құжаттың нақты орындалуына бағытталған және мәжбүрлеп орындатудың мақсатына сәйкес келетін шара болып табылады.

Сот іс бойынша анықталған мән-жайлардың жиынтығын бағалай отырып, жеке сот орындаушысының өтініші заңды және негізді, сондықтан қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

Құжатқа қол қойылған: Нурбекова С. А., 14.09.2026

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 246, 268, 269-баптарын және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының тиісті нормаларын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Ахметова Мария Оразалыевнаның борышкердің жылжымайтын мүліктегі үлесінен өндіріп алуды жүзеге асыру туралы өтініші – қанағаттандырылсын.

Алматы қаласы Әуезов аудандық №2 сотының сот актісі негізінде берілген №7540-20-00-2/914 атқару парағы бойынша борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтен өндіріп алушы Бакирова Шолпан Арысбаевнаның пайдасына 18 558 450 (он сегіз миллион бес жүз елу сегіз мың төрт жүз елу) теңге мөлшеріндегі берешекті өндіру мақсатында борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичке тиесілі, Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданында сауда үйінің құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі 19-309-001-329 жер учаскесіндегі сот актісімен анықталған ½ үлесінен өндіріп алу жүзеге асырылсын.

Ұйғарымға наразы тараптар ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты арқылы жеке шағым бере алады, ал прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья С.А. Нурбекова

Құжатқа қол қойылған: Нурбекова С. А., 14.09.2026

5242-26-3-12/3412